

## **Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 мамыр N 552. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.04.28. N 391 қаулысымен. ~P980391

Апатты азайту, жол-көлік жағдайын сауықтыру, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми, қоғамдық ұйымдар мен бірлесіктердің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ведомствоаралық комиссия құрылсын.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы (бұдан әрі - Комиссия) қоса беріліп отырған Ереже және Комиссияның дербес құрамы бекітілсін.

2. Комиссия министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, сондай-ақ жол көлік оқиғаларының алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеумен және жүзеге асырумен байланысты мәселелер бойынша қызметін үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлейтін ведомствоаралық консультациялық-кеңесші үкімет органы болып табылады деп белгіленсін.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері: жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде облыстық (қалалық комиссиялар құрылып, Комиссия төрағасының функциясын әкімнің орынбасарына - төтенше жағдай жөніндегі облыстық (қалалық) комиссияның төрағасына (лауазымы бойынша) немесе жол қозғалысының және автокөлік мәселелерін басқаратын облыс (қала) әкімінің орынбасарына жүктейтін болсын;

1996-1998 жылдар ішінде автомобиль көлігіндегі апатты азайту, қалалар мен поселкалардың көше желісін жаңғырту мен дамыту, жол қозғалысын реттеп отыратын техникалық құралдарды тиісті дәрежеде ұстау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеп, жүзеге асыратын болсын;

автомобиль көлігіндегі апатты азайту, жол қозғалысын реттеп отыратын техникалық құралдарды дамыту мен ұстау жөніндегі шаралар жергілікті бюджет

қаражаты, салалық және өзге көздер есебінен жүзеге асырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдерінің күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 желтоқсандағы N 1265 P931265\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 49, 592-бап);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 желтоқсандағы N 1469 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 желтоқсандағы N 1265 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 сәуірдегі N 396 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 желтоқсандағы N 1265 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 714 қаулысы.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 3 мамырдағы  
N 552 қаулысымен  
Бекітілген

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету  
жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысандарына қарамастан, шаруашылық жүргізуші субъектілердің ғылыми, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тиісті, мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды әзірлеумен және іске асырумен, осы мақсаттарға бөлінетін қаражатты тиімді пайдаланумен байланысты мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлейтін консультациялық-кеңесші үкімет органы болып табылады.

2. Комиссия өз қызметін мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырады:  
автокөлік және қалалық электр көлігінде апаттың себептеін зерттеу және талдау, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру жөніндегі нұсқамалар әзірлеу;

жол-көлік жағдайын сауықтыруға және апатты азайтуға бағытталған мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды, жобалар мен шаралардың басым бағыттарын айқындау және әзірлеп іске асыруға жәрдемдесу;

жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басым бағыттарында ғылыми-техникалық әлеуметті, материалдық-техникалық ресурстар мен бюджет қаржыларын дамытуға және шоғырландыруға жәрдемдесу; автомобиль жолдарын және қалалар мен елді мекендердің көше желісін салу және жаңғырту бағдарламалары, жылжымалы составтың техникалық сипаттамаларын жақсарту, жол қозғалысын реттеп отыратын осы заманғы техникалық құралдарды енгізу, көлік құралдары жүргізушілерінің кәсіби деңгейін арттыру, мемлекеттік автомобиль инспекциясының қызметкерлерін және көлік құралдарың жүргізушілерін жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге үйрету;

жол қозғалысының ережелеріне, Қазақстан Республикасының жол қозғалысының қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген заңдары мен нормативті актілеріне қажетті өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар әзірлеуге қатысу;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен қоғамдық бірлестіктердің жол-көлік оқиғаларының алдын алу және зардаптардың ауыр болуын азайту мәселелері жөніндегі жұмысының тәжірибесін зерттеу, бұл жұмыстық оңды нәтижесін тарату;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарына талдау жасау және жол қозғалысының қауіпсіздігі жөнінде нұсқамалар әзірлеу;

жергілікті, ведомстволық қызметтердің және қоғамдық бірлестіктердің жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне жәрдемдесу және көмек көрсету;

халықтың барлық жастағы топтарын жол қозғалысы ережелеріне, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жол қозғалысының қауіпсіздігі жөніндегі білімді насихаттауға, үйретуге жәрдемдесу;

жол қозғалысының қауіпсіздігі саласында шетелдік озық тәжірибені зерттеу, жол қозғалысы қауіпсіздігін қолдаудың халықаралық ұйымдастырушылық тетіктерін енгізу жөніндегі ұсыныстар әзірлеу.

3. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруымен:

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардан олардың жол қозғалысының қауіпсіздігі мәселелері бойынша қызметін бейнелейтін деректерді сұратуға және алуға;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттерде, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарда, кәсіпорындар мен ұйымдарда меншік нысандарына қарамастан жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде тексеру жүргізуді ұйымдастыруға;

өзінің мәжілістерінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі баяндамалары мен есептерін тыңдауға;

министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге де орталық және атқарушы жергілікті атқарушы органдарға өздеріне бағынысты көлікте жол қозғалысы қауіпсіздігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етпеген басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

тиісті министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың және мекемелердің басшыларымен келісім бойынша жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты мәселелер бойынша материалдар әзірлеуге қатысу үшін, сондай-ақ министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы мәселелер жөніндегі қаулыларын орындауын зерттеу мен талдау үшін білікті мамандарды тартуға;

жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мәселелері жөніндегі заң актілері мен Үкімет актілерінің жобаларын, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық туралы шарттарды әзірлеуге қатысуға құқылы.

4. Комиссия өзінің жұмысын Комиссияның төрағасы бекіткен

жоспарға сәйкес жүргізеді. Комиссияның мәжілістері тоқсан сайын

кемінде бір рет өткізіледі.

Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді және оның нұсқаулық сипаты болады.

5. Комиссияның жұмысын ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің аппараты жүзеге асырады.

6. Комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы (лауазымы бойынша) болып табылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 3 мамырдағы  
N 552 қаулысымен  
Бекітілген

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету  
жөніндегі ведомствоаралық комиссияның дербес  
құрамы

Макиевский Н.М. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
орынбасары - Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік  
комитеттің төрағасы (Комиссия төрағасы)

Әлиғожанов С.К. - Қазақстан Республикасының Көлік және  
коммуникациялар министрінің бірінші  
орынбасары

Бижанов Н.Қ. - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар  
жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының  
бірінші орынбасары (Комиссия төрағасының  
орынбасары)

Ковальчук А.В. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігі Мемавтоинспекция Бас  
басқармасының бастығы

Черепков Е.Т. - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар  
жөніндегі мемлекеттік комитетінің төтенше  
жағдайлардың алдын алу Бас басқармасының  
бас маманы (Комиссия хатшысы)

- Андрющенко А.И. - Қазақстан Республикасының Экономика министрінің орынбасары
- Асқаров Ә.А. - Қазақстан Республикасының Баспасөз істері және бұқаралық ақпарат жөніндегі Ұлттық агенттігі төрағасының орынбасары
- Балин В.Ф. - Қазақстан Тұтынушылар Одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
- Бекболатов Ш.Х. - "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті
- Дүйсекеев А. - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің бірінші орынбасары
- Досмағамбетов Б.Ф.- Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы төрағасының бірінші орынбасары
- Ержанов С.Е. - Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы аппаратының құрылыс, инженерлік және көлік инфрақұрылымы бөлімінің меңгерушісі
- Жаңабаев Т.М. - Қазақстан Республикасы Көлік құралдарын жүргізушілер Одағының орталық кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
- Жапаров Е.М. - "ДОСААФ" қоғамдық бірлестігі орталық комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
- Жаркенов М.И. - Қазақстан Республикасының экология және биоресурстар министрінің орынбасары
- Желтиков О.И. - "Разноимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті
- Исхаков Б.С. - Қазақстан Республикасының бас көлік инспекторы
- Кравчук А.В. - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төтенше жағдайлардың алдын алу бас басқармасының бастығы
- Медеуов Е.Ө. - Қазақстан Республикасының Білім министрінің орынбасары

- Молдажанов Р.К. - Қазақстан Кәсіптік одақтары федерациясы  
төрағасының орынбасары
- Мұқашев Ж.Д. - Қазақстан Республикасының Қаржы  
министрінің бірінші орынбасары
- Нұрбеков М.Н. - Қазақстан Республикасының Әділет  
министрінің бірінші орынбасары
- Романов А.Ф. - Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы  
министрінің бірінші орынбасары
- Рысбеков М.А. - Қазақстан Республикасының Стандарттау,  
метрология және сертификаттау жөніндегі  
комитетінің төрағасы
- Толкунов В.Б. - "Қазақтелеком" Ұлттық акционерлік  
компаниясының бірінші вице-президенті
- Черная О.В. - Қазақстан Республикасының Гидрометеорология  
жөніндегі бас басқармасының төрағасының  
орынбасары
- Щербаков Ф.И. - Қазақстан Республикасының Қорғаныс  
министрінің бірінші орынбасары